

Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы "Мәдениет және архив ісі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" № 137/5 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Павлодар облыстық әкімдігінің 2019 жылғы 27 тамыздағы № 253/2 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 тамызда № 6526 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2020 жылғы 21 тамыздағы № 176/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 21.08.2020 № 176/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Занының 16-бабы 3-тармағына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы "Мәдениет және архив ісі саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" № 137/5 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4541 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 шілдеде "Регион.kz" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-тармағының 3) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын: "3) "Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру";";

көрсетілген қаулының 1-тармағы келесі редакциядағы 4) және 5) тармақшаларымен толықтырылсын:

"4) "Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру";

5) "Көркем өнерпаздық ұжымдарына "Халықтық" (ұлгілі) атағын беруге етінімдерді қабылдау";";

көрсетілген қаулымен бекітілген "Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Архивтік анықтамалар беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес "Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентімен толықтырылсын;

осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес "Көркем өнерпаздық ұжымдарына" "Халықтық" (ұлгіл) атағын беруге өтінімдерді қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентімен толықтырылсын.

2. "Павлодар облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А. Р. Ораловқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Павлодар облысының әкімі*

*Б. Бакауов*

Павлодар облысы әкімдігінің

2019 жылғы " " \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ қаулысына

1-қосымша

Павлодар облысы әкімдігінің

2015 жылғы 13 мамырдағы

№ 137/5 қаулысымен

бекітілді

## **"Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. "Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) мәдениет саласындағы Павлодар облысының жергілікті атқарушы органды (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) "электрондық үкімет" веб-порталдары (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 19 бўйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 24 ақпанда № 10320 болып тіркелген) бекітілген мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мәдени құндылықтарды уақытша әкету

құқығына куәлік немесе Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 146 бүйрығымен бекітілген "Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынудан уәжді бас тарту.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Порталда мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі уәкілдеп органның мемлекеттік қызмет берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦК) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданып, сақталады.

## **2-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің**

### **құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын қоса бере отырып, көрсетілетін қызмет алушының ЭЦК куәландырылған, электрондық құжат нысанында порталға өтініш жіберу болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – 5 (бес) жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ЭЦК пайдаланып, қол қою арқылы көрсетілетін қызметті алушының өтінішін қабылдаудың растайды және ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді;

ұсынылған құжаттардың толық еместігі анықталған жағдайда Стандарттың 10-тармағына сәйкес өтінішті одан әрі қараудан дәлелді түрде бас тарту туралы жауап дайындайды;

өтініштің Стандарттың 9-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігі кезінде көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті алушыны "жеке кабинетінде" затты Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы "Мәдениет туралы" Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабы 6) тармақшасына сәйкес құрылған мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясының (бұдан әрі – сараптама комиссия) қарауы үшін ұсыну қажеттілігі туралы хабарлайды – 1 (бір) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті алушы хабарламадан соң қағидалардың 7 және 8-тармақтарына сәйкес көрсетілетін қызметті берушіге затты ұсынады – 1 (бір) жұмыс күні;

2) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы ұсынылған затты қарау үшін сараптама комиссиясына жолдайды – 4 (төрт) сағат;

3) сараптама комиссиясы затқа сараптама жүргізеді және сараптама қорытындысы бойынша комиссия Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2013 жылғы 20 маусымдағы № 135 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8575 болып тіркелген) мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясы туралы үлгі ережесінің қосымшасына сәйкес нысан бойынша сараптамалық қорытындыны ресімдейді – 1 (бір) жұмыс күні;

4) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы сараптама комиссиясы қорытындысы негізінде Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік немесе бас тарту туралы дәлелді жауап дайындауды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жібереді – 1 (бір) жұмыс күні;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қояды және портал арқылы жібереді – 3 (үш) сағат.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) хабарламаны қабылдау, қол қою және жолдау не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру;

2) ұсынылған затты қарау үшін эксперттік комиссияға жолдау;

3) комиссияның сараптамалық қорытындысы немесе бас тарту туралы уәжді жауап;

4) мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлікті немесе бас тарту туралы дәлелді жауап дайындау;

5) көрсетілетін қызмет алушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жолдау.

### **3-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы;

2) сараптама комиссиясы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы.

8. Эрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігін сипаттау осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде**

**"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау**

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілмейді.

10. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету кезінде жүгіну тәртібін және көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы рәсімдерінің (іс-қимылдарының) реттілігін сипаттау:

1-процесс – көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін порталға ЖСН және (немесе) БСН, парольді енгізу (авторизациялау процесі);

1-шарт – ЖСН және (немесе) БСН, пароль арқылы тіркелген көрсетілетін қызметті алушы турали деректердің түпнұсқалығын порталда тексеру;

2-процесс – көрсетілетін қызметті алушының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты порталдың авторизациялаудан бас тарту турали хабарламаны қалыптастыруы;

3-процесс – көрсетілетін қызметті алушының осы регламентте көрсетілген мемлекеттік қызметті таңдауы, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау нысанын экранға шығару және көрсетілетін қызметті алушының құрылымы мен формат талаптарын ескере отырып, нысанды толтыруы (деректерді енгізу), сұрау нысанына құжаттар топтамасының қажетті көшірмелерін электрондық түрде бекіту, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының сұрауды куәландыру (қол қою) үшін ЭЦҚ тіркеу куәлігін таңдауы;

2-шарт – ЭЦҚ тіркеу куәлігінің әрекет ету мерзімін және қайтарылып алынған (күші жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде жоқтығын, сондай-ақ сәйкестендіру деректерінің (сұрауда көрсетілген ЖСН және (немесе) БСН мен ЭЦҚ тіркеу куәлігінде көрсетілген ЖСН және (немесе) БСН арасындағы) сәйкестігін порталда тексеру;

4-процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ түпнұсқалығының расталмауына байланысты сұратылып отырган мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді бас тарту турали хабарламаны қалыптастыру;

5-процесс – "Е-лицензиялау" мемлекеттік дереккоры ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ) электрондық құжатты (көрсетілетін қызметті алушының сұрауын) тіркеу және сұрауды "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да ондеу;

3-шарт – көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсету үшін негіз болып табылатын ұсынылған құжаттарды зерделеуі;

6-процесс – "Е-лицензиялау" МДҚ АЖ-да пайдалануышының деректерінде бұзушылықтардың болуына байланысты сұратылып отырған мемлекеттік қызметтен бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

7-процесс – көрсетілетін қызметті алушының порталда қалыптастырылған мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін (куәлік) алуы.

Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қатыстырылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылды осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес диаграммада келтірілген.

11. Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының жүгіну тәртібін және рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігін сипаттау осы регламенттің 3-қосымшасында көрсетіледі.

"Мәдени құндылықтарды  
уақытша әкету құқығына  
куәлік беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет регламентіне  
1-қосымша


## **Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсетумен құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау**

№	Процестің іс-қимылдары				
		1	2	3	4
Іс-қимылдың (жұмыс барысының, ағымының) №	Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы	Сараптама комиссиясы	Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	
	Ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеру және ЭЦҚ пайдаланып, қол қою арқылы көрсетілетін қызметті алушының				

		өтінішін қабылдауын растау  Ұсынылған күжаттардың толық еместігі анықталған жағдайда Стандарттың 10-тармағына сәйкес өтінішті одан әрі қаруудан дәлелді түрде бас тарту туралы жауап дайындау. Өтініштің Стандарттың 9-тармағында көзделген талаптарға сәйкестігі кезінде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіндегі" затты мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясының қарууына ұсыну қажеттілігі туралы хабардар ету	Ұсынылған затка сараптама жүргізу	Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына қуәлікті немесе Стандарттың 10-тармағына сәйкес бас тарту туралы дәлелді жауап дайындау	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қарастыру және қол қою
	Аяқталу нысаны (деректер, күжат, ұйымдастыру-өкімдік шешім)	Ұсынылған затты қарau үшін мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптама комиссиясына ұсыну	Көрсетіletіn қызметті берушінің жауапты орындаушысына сараптама қорытындыны жoldау	Көрсетіletіn қызметті берушінің басшысына қарастыруға және қол қоюға жoldау	Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына қуәлік беру
Орындау мерзімдері		2 (екі) жұмыс күні  5 (бес) жұмыс күні	1 (бір) жұмыс күні	1 (бір) жұмыс күні	3 (үш) сағат

"Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына қуәлік беру"  
мемлекеттік көрсетіletіn қызмет регламентіне  
2-қосымша

**Портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қатыстырылған ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимылдының диаграммасы**



## Шартты белгілер:

	бастапқы хабарлама;
	аралық хабарлама;
	қателік;
	аяқтаушы хабарлама;
	шарт;
	процесс;
	басқару ағыны;
	хабарламалар ағыны;
	нәтиже;
	электрондық үкімет порталы ақпараттық жүйесі;
	«Е-лицензиялау» мемлекеттік дереккөры ақпараттық жүйесі.

уақытша әкету құқығына  
куәлік беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет регламентіне  
3-қосымша

## "Мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына куәлік беру" мемлекеттік қызметтің көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



### Шартты белгілер:

	- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
	- көрсетілетін қызметті алушы ресімінің (іс-қимылдының) және (немесе) құрылымдық-функционалдық бірліктің атауы;
	- келесі ресімге (іс-қимылға) ету.

Павлодар облысы әкімдігінің

2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ қаулысына

2-қосымша

Павлодар облысы әкімдігінің

2015 жылғы 13 мамырдағы

№ 137/5 қаулысымен

бекітілді

"Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Павлодар облысының мемлекеттік архивтері (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Отінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация);

2) [www.gov.kz](http://www.gov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінана автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 12 наурыздағы № 62 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2019 жылғы 15 наурызда № 18392 болып тіркелген) Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану кезінде ресімделетін (жасалатын) құжаттар нысандарының (бұдан әрі – Нысандар) 50-қосымшасына сәйкес нысандағы әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мәліметтерді растау туралы архивтік анықтама не архивтік құжаттың көшірмесі немесе Нысандардың 51-қосымшасына сәйкес нысандағы архивтік үзінді немесе сұратылған мәліметтердің көрсетілетін қызметті берушіде сақтауда болмауы туралы жауап не Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 138 бұйрығымен бекітілген "Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - Стандарт) 10-1-тармағында көзделген негізdemeler бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны – қағаз немесе электрондық түрде.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦК) қол қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

Портал арқылы жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қағаз жеткізгіште алу үшін көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне"

мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін алу орны мен күні көрсетілген хабарлама жолданады.

## **2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсетеу процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Мемлекеттік қызметті көрсетеу бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негізде Стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттардың толық топтамасының қоса берілуімен көрсетілетін қызметті берушінің өтініші болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетеу мерзімі көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын ұсынған сәттен бастап - 11 (он бір) жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызметті көрсетеу процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыдан алған құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарастыруға жолдайды - 30 (отыз) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарастырады және жауапты орындаушыны анықтайды - 1 (бір) жұмыс күні;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарын және (немесе) олардағы деректерді (мәліметтерді) зерделейді, Стандарттың 10-1 тармағында көрсетілген жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады; келіп түскен сұрау тақырыбы бойынша ғылыми-анықтамалық аппаратты және құжаттардың болуы туралы есептілік деректерді зерделейді. Құжаттар болған жағдайда сұрау тақырыбы бойынша мәліметтерді анықтайды және олардың негізінде мемлекеттік қызметті көрсетеу нәтижесін дайындайды – 7 (жеті) жұмыс күні;

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себебін жойған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушының қайта жүгінуіне болады;

мемлекеттік қызметті көрсетеу үшін екі немесе одан да көп ұйымдардың, және (немесе) уақыты 5 (бес) жылдан асқан кезеңнің құжаттарын зерделеу қажет болғанда көрсетілетін қызметті беруші кейіннен көрсетілетін қызметті алушыны Мемлекеттік көрпорация немесе портал арқылы мерзімді ұзарту туралы 2 (екі)

жұмыс күні ішінде хабардар ете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін мемлекеттік қызметті көрсету мерзімін құнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге ұзартады;

мемлекеттік сақтауда құжаттар болмаған жағдайда, жаупты орындаушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға сұратылған мәліметтердің жоқтығы туралы хабардар етеді және оларды одан әрі іздеу бойынша ұсынымдар береді;

ақпарат толық көлемде ұсынылған жағдайда, жаупты орындаушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға сұрауды орындау үшін қосымша құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы хабардар етеді;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қояды және оны көрсетілетін қызметті берушінің қызметкеріне жібереді - 1 (бір) жұмыс күні;

5) көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері қол қойылған мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды. Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға электрондық архивтік анықтама, архивтік құжат көшірмесі, архивтік үзінді немесе құжаттардың болмауы туралы жауп және (немесе) порталға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу орны мен күні көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтің дайын екендігі туралы хабарлама жіберіледі - 4 (төрт) сағат.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіздеме болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) ұсынылған құжаттарды қабылдау және тіркеу;

2) құжаттарды қарастыру және көрсетілетін қызметті берушінің жаупты орындаушысын анықтау;

3) архивтік анықтаманың, архивтік құжат көшірмесінің немесе архивтік үзіндінің жобасын, сұрауды орындау мерзімін ұзарту, құжаттардың мемлекеттік сақтауда болмауы, қосымша ақпарат ұсыну туралы хабарлама жобасын немесе Стандарттың 10-1-тармағында көзделген негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауп дауындау;

4) архивтік анықтамаға, архивтік құжат көшірмесіне немесе архивтік үзіндіге, сұрауды орындау мерзімін ұзарту, құжаттардың мемлекеттік сақтауда болмауы, қосымша ақпарат ұсыну туралы хабарламаға немесе Стандарттың 10-1-тармағында көзделген негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жаупқа қол қою;

5) архивтік анықтаманы, архивтік құжат көшірмесін немесе архивтік үзіндіні, сұрауды орындау мерзімін ұзарту, құжаттардың мемлекеттік сақтауда болмауы,

қосымша ақпарат ұсыну туралы хабарламаны немесе Стандарттың 10-1-тармағында көзделген негіздемелер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркеу.

### **3-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) мен көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
- 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

8. Эрбір ресімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы ресімдер (іс-қимылдар) реттілігін сипаттау осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген.

### **4-тaraу. Мемлекеттік корпорациямен (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау**

9. Мемлекеттік корпорацияға және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілерге жүгіну тәртібін сипаттау, көрсетілетін қызметті алушының сұрауын ендеу ұзақтығы:

көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға Стандарттың 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды ұсынады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын ұсынған сәттен бастап - 11 (он бір) жұмыс күні.

Құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдайды, тіркейді және құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы Стандарттың 9-тармағында көзделген құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері

құжаттарды қабылдаудан бас тартады және Стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

10. Мемлекеттік қызметті Мемлекеттік корпорацияның ықпалдастырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорацияның ҰАЖ) көрсету кезінде жүгіну тәртібінің және Мемлекеттік корпорация мен көрсетілетін қызметті алушының рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігін сипаттау:

1-процесс – Мемлекеттік корпорация қызметкерінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін мемлекеттік қызметтерді көрсетудің мониторингі ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – МҚКМ АЖ) логин мен парольді енгізуі (авторизация процесі);

2-процесс – Мемлекеттік корпорация қызметкерінің мемлекеттік көрсетілетін қызметті таңдауы, мемлекеттік қызметті көрсету үшін экранға сұрау нысанын шығаруы және Мемлекеттік корпорация операторының көрсетілетін қызметті алушының деректерін, сондай-ақ сенімхат бойынша (нотариус куәландырған сенімхат болған жағдайда, басқа сенімхат болған жағдайда – бұл деректер енгізілмейді) көрсетілетін қызметті алушы өкілінің деректерін енгізуі;

3-процесс – "электрондық үкімет" шлюзы (бұдан әрі – ЭУШ) арқылы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорына (бұдан әрі – ЖТ МДК) немесе "Занды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорына (бұдан әрі – ЗТ МДК) көрсетілетін қызметті алушының деректері туралы, сондай-ақ қатар бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі – БНАЖ) көрсетілетін қызметті алушы өкілінің сенімхат деректері туралы сұрау жолдау;

1-шарт – көрсетілетін қызметті алушы деректерінің ЖТ МДК/ЗТ МДК-да және сенімхат деректерінің БНАЖ-да болуын тексеру;

4-процесс – көрсетілетін қызметті алушы деректерінің ЖТ МДК/ЗТ МДК-да және сенімхат деректерінің БНАЖ-да болмауына байланысты деректерді алу мүмкіндігінің жоқтығы туралы хабарламаны қалыптастыру;

5-процесс – Мемлекеттік корпорация қызметкерінің сұрау нысанын қағаз түрінде құжаттардың болуы туралы белгілеу бөлігінде толтыруы және көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды сканерлеуі, оларды сұрау нысанына тіркеуі және мемлекеттік қызметті көрсетуге сұраудың толтырылған нысанын (енгізілген деректерді) ЭЦҚ куәландыруы;

2-шарт – Мемлекеттік корпорация қызметкерінің құжаттардың Стандарттың 9-тармағына сәйкес келуін тексеруі;

6-процесс – көрсетілетін қызметті алушының құжаттарында бұзушылықтардың болуына байланысты сұратылған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

7-процесс – Мемлекеттік корпорация қызметкерінің ЭЦҚ-сымен куәландырылған (қол қойылған) электрондық құжатты (көрсетілетін қызметті

алушының сұрауын) ЭУП арқылы "электрондық үкімет" өнірлік шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орнына (бұдан әрі – ЭУӨШ АЖО) жолдау немесе құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге қағаз түрінде курьерлік байланыс арқылы жолдау;

8-процесс – электрондық құжатты көрсетіletіn қызметті берушінің автоматтандырылған жұмыс орнында (бұдан әрі – көрсетіletіn қызметті берушінің АЖО) тіrkeу;

9-процесс – осы регламенттің 5-тармағының 2)-5) тармақшаларында қарастырылған рәсімдерді (іс-қимылдарды) жүзеге асыру;

10-процесс – көрсетіletіn қызметті алушының Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін, сұрауды орындау мерзімін ұзарту, құжаттардың мемлекеттік сақтауда болмауы, қосымша ақпарат ұсыну туралы хабарламаны алуы.

11. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету кезінде жүгіну тәртібін және көрсетіletіn қызметті беруші мен көрсетіletіn қызметті алушының рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігін сипаттау:

мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі көрсетіletіn мемлекеттік қызметті алушы порталға құжаттар топтамасын ұсынған сәттен бастап - 11 (он бір) жұмыс күні;

1-процесс – көрсетіletіn қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), сондай-ақ ЭЦҚ немесе бір реттік пароль арқылы порталда авторизациялауды жүзеге асыруы, тіркеleмеген жағдайда тіркелу рәсімінен өту қажет;

1-шарт – порталда тіркелген көрсетіletіn қызметті алушының деректерінің дұрыстығын логин (ЖСН/БСН) және пароль арқылы тексеру;

2-процесс – көрсетіletіn қызметті алушының деректеріндегі бұзушылықтардың болуына байланысты порталдың авторизациялаудан бас тарту туралы дәлелді хабарлама қалыптастыруы;

3-процесс – көрсетіletіn қызметті алушының мемлекеттік көрсетіletіn қызметті таңдауы, мемлекеттік қызметті көрсету үшін экранға сұрау нысанын шығаруы және көрсетіletіn қызметті алушының оның құрылымы мен форматтық талаптарын ескере отырып, нысанды толтыруы (деректерді енгізуі), сұрау нысанына электрондық түрде Стандарттың 9-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тіrkeуі, сондай-ақ көрсетіletіn қызметті алушының сұрауды куәландыру (қол қою) үшін ЭЦҚ-ның тіrkeу куәлігін таңдауы;

2-шарт – порталда ЭЦҚ-ның тіrkeу куәлігінің іс-әрекет мерзімін және қайтарылған (жойылған) тіrkeу куәліктерінің тізімінде болмауын, сондай-ақ сәйкестендіру деректерінің (сұрауда көрсетілген ЖСН/БСН мен ЭЦҚ-ның тіrkeу куәлігінде көрсетілген ЖСН/БСН арасындағы) сәйкес келуін тексеру;

4-процесс – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ түпнұсқалылығының расталмауына байланысты сұратылған мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

5-процесс – мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрауды көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен немесе бір реттік парольмен куәландыру (қол қою) және электрондық құжатты (сұрауды) ӘУШ арқылы көрсетілетін қызметті берушінің өндегі үшін көрсетілетін қызметті берушінің АЖО-на жолдау;

6-процесс – электрондық құжатты көрсетілетін қызметті берушінің АЖО-да тіркеу;

3-шарт – көрсетілетін қызметті берушінің келіп түскен құжаттардың Стандарттың 9-тармағына сәйкес келуін тексеру;

7-процесс – құжаттар Стандарттың 9-тармағына сәйкес келмеген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны қалыптастыру;

8-процесс – осы регламенттің 5-тармағы 2)-5) тармақшаларында қарастырылған рәсімдерді (іс-қимылдарды) жүзеге асыру;

9-процесс – көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің АЖО қалыптастырылған, көрсетілетін қызметті берушінің өкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сымен куәландырылған мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін не сұрауды орындау мерзімін ұзарту, құжаттардың мемлекеттік сақтауда болмауы, қосымша ақпарат ұсыну туралы хабарламаны алуды.

Көрсетілетін қызметті алушының портал арқылы жүгінген кезіндегі қадамдық іс-қимылдары мен шешімдері осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес портал арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде өзара функционалды іс-қимылдың диаграммасында келтірілген.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігін толық сипаттау, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен және (немесе) Мемлекеттік корпорациясымен өзара іс-қимыл және ақпараттық жүйелерді қолдану тәртібін толық сипаттау осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес бизнес-процестердің анықтамалығында көрсетіледі.

"Архивтік анықтамалар,  
архивтік құжаттардың  
көшірмелерін немесе  
архивтік үзінділер беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет регламентіне  
1-қосымша

**Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсетумен құрылымдық  
бөлімшелер**

## (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау


№	Процестің іс-қимылдары					
	Іс-қимылдың (жұмыс барысының, ағымының) №	1	2	3	4	5
1	Кұрылымдық бөлімшениң атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкери	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің жаупты орындаушысы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкери
2	Іс-қимылдың (процестің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамалары	Көрсетілетін қызметті алушының күжаттарын қабылдау және тіркеу	Күжаттарды карастыру және көрсетілетін қызметті берушінің жаупты орындаушысын анықтау	<p>Күжаттарды зерделеу . Стандарттың 10-1-тармағында көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту. Сұрау тақырыбы бойыншағылыми-анықтамалық аппаратты және күжаттардың болуы туралы есептілік деректерді зерделеу. Күжаттар болған жағдайда архивтік анықтаманы, архивтік қүжат көшірмесін немесе архивтік үзіндіні дайындау үшін мәліметтерді анықтау. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін екі немесе одан да көп ұйымдардың, және (немесе) уакыты 5 (бес) жылдан асқан кезеңнің күжаттарын зерделеу қажет болғанда көрсетілетін қызметті беруші кейіннен көрсетілетін қызметті алушыны</p> <p>Мемлекеттік копорация немесе портал арқылы мерзімді ұзарту туралы 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар ете отырып, мемлекеттік қызметті</p>	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға немесе портал арқылы жіберу.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу орны мен күні көрсетілген хабарламаны

			көрсету мерзімі аяқталғаннан кейін мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге ұзартылады.		порталға жолдау	
3	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдастыру-өкімдік шешім)	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарастыруға жіберу	Бұрыштама қою және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысына жолдау	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарастыруға және қол қюға жіберу	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдау	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру
4	Орындау мерзімі	30 (отыз) минут	1 (бір) жұмыс күні	7 (жеті) жұмыс күні	1 (бір) жұмыс күні	4 (төрт) сағат

11 (он бір) жұмыс күні

"Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

## Портал арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету кезінде өзара функционалды әрекет етудің диаграммасы



**Шартты белгілер:**

	- бастапқы хабарлама;
	- аяқтаушы хабарлама;
	- қарапайым аяқтаушы оқиға;
	- қателік;
	- ақпараттық жүйе;
	- процесс;
	- шарт;
	- басқару ағыны;
	- хабарламалар ағыны;
	- нәтиже;
	- электрондық үкімет порталының ақпараттық жүйесі;
	- керсетілетін қызметті берушінің автоматтандырылған жұмыс орны;
	- электрондық үкімет шлюзі.

"Архивтік анықтамалар,  
архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе  
архивтік үзінділер беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет регламентіне  
3-қосымша

**"Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе  
архивтік  
үзінділер беру" мемлекеттік қызметтің көрсетудің бизнес-процестерінің  
анықтамалығы**



## Шартты белгілер:

	- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
	- көрсептілтін қызметті алушы рәсімінің (іс-кимылымының) және (немесе) құрылымдық-функционалдық бірліктің атауы;
	- келесі рәсімге (іс-кимылға) ету.

Павлодар облысы әкімдігінің

2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ қаулысына

3-қосымша

## "Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсептілтін қызмет регламенті

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсептілтін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсептілтін қызметін) мәдениет саласындағы Павлодар облысының жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – көрсептілтін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсептілтін қызметті берушінің көрсептілтін қызметті берушінің кеңесесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы № 356 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 14 желтоқсанда № 12405 болып тіркелген) Мемориалдық тақталарды орнатудың өлшемшарттары мен қағидаларының (бұдан әрі – қағидалар) 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 146 бұйрығымен бекітілген "Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру" (бұдан әрі - Стандарт) мемлекеттік қызмет стандартының 10-тармағында көзделген негіздер бойынша қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

**2-тaraу. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса берілуімен, Стандарттың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініші негіздеме болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – 30 (отыз) күнтізбелік күн.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды қабылдайды , өтінішті тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарастыруға жолдайды – 30 (отыз) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарастырады, жауапты орындаушыны анықтайды - 1 (бір) күнтізбелік күн;

3) жауапты орындаушы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарының толықтығын тексереді, ұсынылған құжаттардың толық еместігі анықталған жағдайда Стандарттың 10-тармағына сәйкес өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту жауабын дайындайды;

құжаттардың толық топтамасы ұсынылған жағдайда жауапты орындаушы құжаттарды комиссияның қарауына жіберуді жүзеге асырады - 3 (үш) күнтізбелік күн;

4) комиссия құжаттарды қарастырады, комиссия отырысының қорытындысы бойынша хаттама нысанында қорытынды ресімделеді және жауапты орындаушыға жібереді - 22 (жиырма екі) күнтізбелік күн;

5) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы комиссияның он қорытындысы негізінде Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемориалдық тақта орнатуға рұқсат беруді немесе комиссияның теріс шешімі негізінде Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемориалдық тақта орнатуға рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындауды - 1 (бір) күнтізбелік күн;

6) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін қарастырады және қол қояды - 1 (бір) күнтізбелік күн;

7) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті алушыға жолдайды – 4 (төрт) сағат.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) ұсынылған құжаттарды қабылдау, тіркеу;

2) құжаттарды қарастыру және жауапты орындаушыны анықтау;

3) ұсынылған құжаттардың толықтығын қарастыру, құжаттарды комиссияның қарауына жіберу немесе өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бастарту дайындау;

4) құжаттарды қарастыру, комиссия қорытындысын ресімдеу;

5) мемориалдық тақтаны орнатуға рұқсат беруді немесе рұқсат беруден бастарту туралы дәлелді жауапты дайындау;

6) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне қол қою;

7) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жолдау.

### **3-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің**

### **құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы;

4) комиссия.

8. Эрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзактығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігін сипаттау осы регламенттің қосымшасында келтірілген.

#### **4-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, соңдай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау**

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы және [www.gov.kz](http://www.gov.kz) "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы ұсыну көрсетілмеген.

"Мемориалдық тақталарды  
орнатуға рұқсат беру"  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет регламентіне  
қосымша

#### **Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзактығын көрсетумен құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау**

№	Процестің іс-қимылдары							
	Іс-қимылдың (барысы мен жұмыс ағыны) №	1	2	3	4	5	6	7
1.	Құрылымдық бөлімшениң атаяу	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы	Комиссия	Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсеті қызмет беруші кеңсе қызметі
2.	Іс-қимылдың (процестің, рәсімнің, операцияның)		Күжаттарды қарастыру, көрсетілетін қызметті берушінің жауапты	Ұсынылған күжаттардың толықтығын тексеру; ұсынылған күжаттардың толық еместігі анықталған жағдайда Стандарттың 10-тармағына сәйкес етінішті одан		Күжаттарды қарастыру, комиссия отырысының қорытындысы	Комиссияның оң қорытындысы негізінде мемориалдық тақтаны орнатуға рұқсат беруді дайындау немесе комиссияның қорытындысы	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі

	) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау және тіркеу	орындаушысын анықтау, бұрыштама қою	әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындау, құжаттардың топтамасы толық болған жағдайда комиссияның қарауына жіберу	бойынша хаттаманы ресімдеу	теріс шешімі негізінде мемориалдық тақтаны орнатуға рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауап	қарастыру және қол қою	көрсетілген кызмет алушын жіберу
4.	Орындалу мерзімдері	30 (отыз) минут	1 (бір) күнтізбелік күн	3 (үш) күнтізбелік күн	22 (жиырма екі) күнтізбелік күні	1 (бір) күнтізбелік күн	1 (бір) күнтізбелік күн	4 (төс) сағат

Павлодар облысы әкімдігінің

2019 жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_ қаулысына

4-қосымша

## "Көркем өнерпаздық ұжымдарына "Халықтық" (үлгілі) атағын беруге өтінімдерді қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "Көркем өнерпаздық ұжымдарына "Халықтық" (үлгілі) атағын беруге өтінімдерді қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) мәдениет саласындағы Павлодар облысының жергілікті атқарушы орган көрсетеді (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңесінің арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2007 жылғы 28 наурыздағы № 93 бүйрүғымен (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2007 жылғы 25 сәуірде № 4632 болып тіркелген) бекітілген Көркем өнерпаздар ұжымдарына "Халықтық" (үлгілі) атағын беру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көркем өнерпаздық ұжымдарына "Халықтық" (үлгілі) атағына беру өтінімін қабылдау туралы қолхат (бұдан әрі – өтінімді қабылдау туралы қолхат) немесе Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 146 бүйрүғымен (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 30 мамырда № 11238 болып тіркелген) бекітілген "Көркем

өнерпаздық ұжымдарына "Халықтық" (ұлгілі) атағын беруге өтінімдерді қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 10-тармағында көзделген көркемөнерпаздық ұжымдарына "Халықтық" (ұлгілі) атағын беруге өтінімді қабылдаудан бас тарту туралы қолхат (бұдан әрі – өтінімді қабылдаудан бас тарту туралы қолхат).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

## **2-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің**

### **күрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастау үшін негізде көрсетілетін қызметті алушының Стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттардың қоса берілуімен Стандарттың қосымшасына сәйкес нысан бойынша көркемөнерпаздық ұжымына "Халықтық" (ұлгілі) атағын беру бойынша өтінімі болып табылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – 1 (бір) жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды қабылдайды, өтінімді тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қарастыруға жібереді - 20 (жиырма) минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарастырады, жауапты орындаушыны анықтайды, жауапты орындаушысына жолдайды - 40 (қырық) минут;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарының толықтығын тексереді, тапсырылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда өтінімді қабылдаудан бас тарту туралы қолхат дайындайды, құжаттардың толық топтамасы болған жағдайда өтінімді қабылдау туралы қолхат дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жібереді - 2 (екі) сағат;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы өтінімді қабылдау туралы қолхатқа немесе өтінімді қабылдаудан бас тарту туралы қолхатқа қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жібереді - 3 (үш) сағат;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін береді - 1 (бір) сағат.

6. Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастауға негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімінің (іс-қимылының) нәтижесі:

- 1) ұсынылған құжаттарды қабылдау, тіркеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына жіберу;
- 2) құжаттарды қарастыру және көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын анықтау;
- 3) ұсынылған құжаттардың толықтығын қарастыру, өтінімді қабылдау туралы қолхат немесе өтінімді қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жіберу;
- 4) өтінімді қабылдау туралы қолхатты немесе өтінімді қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты көрсетілетін қызметті берушінің басшысына қол қоюға жіберу;
- 5) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жіберу;
- 6) көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру.

### **3-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау**

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:
  - 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;
  - 2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;
  - 3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

8. Әр рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігін сипаттау осы регламенттің қосымшасында келтірілген.

### **4-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациямен және (немесе) басқа да көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау**

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы және [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "Электрондық үкімет" веб-порталы арқылы ұсыну көрсетілмеген.

"Көркем өнерпаздық ұжымдарына  
Халықтық" (үлгілі) атағын  
беруге өтінімдерді қабылдау"  
көрсетілетін мемлекеттік

**Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзактығын көрсетумен құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау**

№	Процестің іс-қимылдары						
	Іс-қимылдың (жұмыс барысының, ағымының) №	1	2	3	4	5	
1.	Кұрылымдық бөлімшениң атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкери	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің жаупаты орындаушысы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкери	
2.	Іс-қимылдың (процестің, рәсімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамалары	Күжаттарды қабылдау және өтінімді тіркеу	Күжаттарды қарастыру, көрсетілетін қызметті берушінің жаупаты орындаушысын анықтау	Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған күжаттарының толықтығын тексеру: ұсынылған күжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда - өтінімді қабылдаудан бас тарту туралы қолхатқа қабылдаудан бас тарту туралы қолхатқа қол дайындау; күжаттардың толық топтамасы болған жағдайда - өтінімді қабылдау туралы қолхатқа қол дайындау	Өтінімді қабылдаудан бас тарту туралы қолхатқа қабылдаудан бас тарту туралы қолхатқа қол дайындау;	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу	Аяқталу нысаны 3 деректер, күжат, үйімдастыру-өкімді шешім)
4.	Орындау мерзімдері	20 (жиырма) минут	40 (кырық) минут	2 (екі) сағат	3 (үш) сағат	1 (бір) сағат	
		1 (бір) жұмыс күні					

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК